

Бекітемін  
Жалпы білім беретін  
№8 орта мектептің директоры  
А.Т.Торайбекова  
№1 қаптама 2021ж.  
Педагогикалық  
кеңес шешімі бойынша

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«№8 жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2021-2022 оқу жылына арналған  
оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Балқаш қаласы

## Мазмұны

|   |       |
|---|-------|
| 1. Педагогтардың сапалық құрамы.....  | 3-9   |
| 2. Мектеп қызметін талдау.....  | 10-20 |
| 3. Жалпыға міндетті білім беру мекемесінде негізгі және орта білім беруге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру..... | 21-23 |
| 4. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.....   | 24-31 |
| 5. «Жас маман мектебі» жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары.....  | 32-33 |
| 6. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, курстық даярлауды жоспарлау, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру.....    | 34-35 |
| 7. Дарынды балалармен жұмыс.....  | 36-38 |
| 8. АКТ-ның жұмыс жоспары.....   | 39-42 |
| 9. Тәрбие жұмысының жоспары.....  | 43-59 |
| 10. Мектепшілік бақылау.....  | 60-68 |
| 11. Педагогикалық кеңес.....  | 69-71 |
| 12. Әдістемелік кеңес отырысының жоспары.....   | 72-73 |
| 13. Директор жанындағы жиналыс.....   | 74-76 |
| 14. Әлеуметтік ұстаздың жоспары.....  | 77-83 |
| 15. Психологтің жұмыс жоспары.....  | 84-88 |
| 16. Мектептің материалдық базасын арттыру жоспары.....  | 89-90 |

## Педгогтардың сапалық құрамы

Педагог мамандар туралы жалпы мінездеме (01 маусым 2021ж.)

Сандық құрамы-78 мұғалім

Олардың ішінде:

- . Әкімшілік-8
- . Мұғалімдер-69
- . Әлеуметтік ұстаз-1


**Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат**  
(Педагогтарды жұмыс өтілі бойынша бөлу)

| Р/н | Педагогтардың еңбек өтілі | Саны | Үлес(%) |
|-----|---------------------------|------|---------|
| 1   | 3 жылға дейін             | 26   | 33,3    |
| 2   | 4-8                       | 11   | 14,1    |
| 3   | 9-15                      | 8    | 10,2    |
| 4   | 16-20                     | 7    | 8,9     |
| 5   | 21-25                     | 7    | 8,9     |
| 6   | 26-30                     | 9    | 11,5    |
| 7   | 31-35                     | 8    | 10,2    |
| 8   | 36-40                     | 1    | 1,2     |
| 9   | 40 жылдан жоғары          | 1    | 1,2     |
|     | Барлығы:                  | 78   | 100     |

**Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат**  
(Педагогтарды біліктілік деңгейлері бойынша бөлу)

| №  | Мазмұны                | Санаты 2019-2020 | Санаты 2020-2021 |
|----|------------------------|------------------|------------------|
| 1  | Барлық мұғалімнің саны | 88               | 78               |
| 2  | Жоғары                 | 6                | 6                |
| 3  | % үлесі                | 7,5%             | 7,5%             |
| 4  | Бірінші                | 4                | 3                |
| 5  | % үлесі                | 5%               | 3,7%             |
| 6  | Екінші                 | 5                | 4                |
| 7  | % үлесі                | 6,3%             | 5%               |
| 8  | Педагог- зерттеуші     | 7                | 8                |
| 9  | % үлесі                | 8,8%             | 10%              |
| 10 | Педагог-сарапшы        | 21               | 22               |
| 11 | % үлесі                | 26,5%            | 27,8%            |
| 12 | Педагог-модератор      | 2                | 11               |

|    |            |      |       |
|----|------------|------|-------|
| 13 | % үлесі    | 2,5% | 13,9% |
| 14 | Санаты жоқ | 21   | 25    |



**Бастауыш білім беру сатысында жоғары, бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі**

| № | Мазмұны                                  | Санаты 2018-2019 | Санаты 2019-2020 | Санаты 2020-2021 |
|---|--|------------------|------------------|------------------|
| 1 | Бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпы саны | 22               | 22               | 20               |
| 2 | Жоғары / педагог зерттеуші               | 4                | 4                | 4                |
| 3 | I біліктілік санатты/ педагог сарапшы    | 7                | 5                | 5                |
|   | % үлесі                                  | 50%              | 41%              | 45%              |

**Негізгі орта және жалпы білім беру сатысында жоғары, бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі**

| № | Мазмұны  | Санаты 2018-2019 | Санаты 2019-2020 | Санаты 2020-2021 |
|---|--|------------------|------------------|------------------|
| 1 | Негізгі және орта білім беру мұғалімдерінің саны | 48               | 46               | 51               |
| 2 | Жоғары   | 18               | 10               | 10               |
| 3 | I біліктілік санатты/ педагог сарапшы            | 16               | 18               | 20               |
|   | % үлесі  | 70,8 %           | 61%              | 58%              |

Мұғалімдердің 73% жоғары білімді, 26,9 % арнаулы орта білімді. Жоғары санатты- 6\7,5%, педагог-зерттеуші-8\10%, бірінші санатты- 3\ 3,7%, педагог-сарапшы-22\ 27,8%, II санатты- 4\5%, педагог-модератор-11\ 13,9% санаты жоқ мұғалімдер-25 үлесі-32% құрайды. Педагогтардың біліктілік санаттарынан өту деңгейі жоғары.

### Білім көтеру курстарынан өту туралы ақпарат

| № | Жалпы саны | Деңгейлік бағдарлама бойынша | Білім мазмұнын жаңарту | Біліктілік көтеру курсы | Инклюзивтік білім беру |
|---|------------|------------------------------|------------------------|-------------------------|------------------------|
| 1 | 78         | 10                           | 52                     | 42                      | 36                     |

Биылғы 2020-21 оқу жылында өткен жылдың «СВОТ» талдау қорытындысын ескере отырып, «Мектептің кадрлық әлеуетін дамыту» тақырыбында әдістемелік жұмыс жүргізілді. 2020-2021 оқу жылы бойынша 79 педагогтың-11% I-II, III деңгейі бойынша курстан өтсе, 79% білім мазмұнын жаңарту, біліктілік көтеру курстардан өткен-53%, инклюзивтік білім беру курсы-36% құрайды; Жалпы мектеп бойынша әкімшілік мүшелері мен мұғалімдердің білім жетілдіру курсынан өту деңгейі қанағаттанарлық деуге болады. Дегенмен мұғалімдердің кәсіби байқауларға қатысуы, мұғалімдердің өзіндік бағдарламалары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға байланысты тапсырмалар жинағын дайындау, авторлық жобалармен жұмыс деңгейі әлі де болса дұрыс жүйеге қойылмағаны байқалды. 2017 жыл педагог мамандардың кәсіби, шеберлік байқауларға қатысу деңгейі 12% болса, 2020 жылы 38% дейін өскен, ал биылғы оқу жылында 50% көтерілгені анықталды. Педагогикалық байқауларға қатысу әсіресе соңғы үш жылдағы өсу динамикасы дегенмен жоғары.



1. Облыстық "Үздік АӘТД МҰҒАЛІМІ-2021" 3-орын
2. Қалалық «Үздік мұғалім» 2021ж. 1-орын
3. Қалалық "Үздік дене шынықтыру мұғалімі-2021" сертификат.

4. 2020 жыл дарынды балалаларға арналған білім беру ұйымдары мұғалімдерінің «Үздік авторлық бағдарлама» Республикалық конкурсының жүлдегері, Г.Мухаметжан II дәрежелі диплом.

| Конкурстар, семинарлар, олимпиадалар   | Қатысушы мұғалім саны |
|--|-----------------------|
| «Цифровая трансформация школьного образования. Зарубежные практики» халықаралық әдістемелік платформа тындаушылары | 5                     |
| Математика, физика пәндері мұғалімдерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауы                                  | 4                     |
| Республикалық ашық «Әдістемелік вернисаж» конкурсына қатысқан мұғалімдер   | 20                    |
| Жас ұстаз мамандарға арналған IV «Жаңа көкжиектер» Республикалық сайысына қатысқан мұғалімдер.                     | 5                     |
| Nio, Kio Республикалық ұлттық олимпиадаға қатысқан мұғалімдер  | 20                    |
| Online learning: Entgaging and motivating learners курсына қатысқан мұғалімдер(Inter Press)                        | 4                     |
| Олимпиада Педстарт 26.08.2020 III орын   | 3                     |
| Обл.фестиваль «Мен –зерттеушімін» ғылыми жобаға конкурсына қатысқан мұғалімдер                                     | 2                     |
| Облыстық бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсына қатысқан мұғалімдер          | 2                     |

Облыстық «Зейін» жобасы, «Қазақмыс» жобасы, «Бірге оқимыз», «STEM» жобасы, мектепшілік «Зерде», «Жүз кітап» жобаларын жүзеге асыру барысында айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп, мектеп ұжымымен іс-тәжірибемен бөлісу жүзеге асырылды.

1. Облыстық «Бірге оқимыз» жобасы аясында мектебіміздің өзін-өзі тану мұғалімі С.Қыбырат «Өзін-өзі тану мен басқа пәндердің интеграциясы» тақырыбында, информатика пәні мұғалімі Ш.Рахметолла «Бастауыш сыныпқа STEM технологиясын енгізудің қажеттіліктері мен мүмкіндіктері» тақырыбында воркшоп өткізіп, қалалық білім бөлімінің тарапынан «өте жақсы» деп бағаланды.
2. Облыстық «Бірге оқимыз» жобасын жүзеге асыру барысында қалалық воркшопқа мектебіміздің география пәні мұғалімі А.Бакишева «География сабағында: Заманауи әдістемелер мен инновациялар, қолдану тәжірибесі» тақырыбында және биология мұғалімі С.Мустафина «Қашықтықтан оқыту жағдайында тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастырудың ерекшеліктері» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті.
3. Қарағанды қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы және Балқаш қаласының білім бөлімі өткізген «Білім сапасы. Идеядан іске асыруға дейін. Көшбасшылар тәжірибесі» ғылыми-практикалық конференциясына 10 мұғалім мақала жазды. Облыстық көлемде

- С.Мустафина «Биология сабағында қолданалатын тиімді әдіс-тәсілдердің білім сапасын арттырудағы үлесі» тақырыбында, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Шабленова «IT технологии в помощь учителю русского языка и литературы» тақырыбында іс-тәжірибелерімен бөлісті.
4. Облыстық «Туған өлке сырлары» жобасына география пәні мұғалімі А.Бакишева қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісті.
  5. «Бірге оқимыз» жобасын мектепте іске асыру аясында мектепке дейінгі даярлық сынып мұғалімдері П.Алғадаева, А.Жамбосынова бастауыш сыныптарының мұғалімдерінің қатысуымен воркшоп өткізді. Ақпарат фейсбук сайтына жарияланды.
  6. «Қазақ Мыс» жобасын мектепте іске асыру аясында «Қашықтықтан оқыту барысында сабақты тиімді жоспарлау» оқыту семинарын осы оқуға қатысқан мұғалімдер Г.Мухаметжан, Г.Бакирова өткізді.
  7. Облыстық «Қазақ Мыс» жобасын мектепте іске асыру аясында «Қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Қара жәшік ішіндегі жұмыс» деген тақырыпта оқыту- семинарын З.Бигельдина мен өткізді.
  8. Облыстық «Қазақ Мыс» жобасын мектепте іске асыру аясында «Қашықтықтан оқыту барысында «Microsoft» платформасында оқушылардың тиімді жұмыс жасауы» тақырыбында оқыту- семинарын М.Шабленова, А.Абзалбекова өткізді.
  9. **Облыстық «Зейін» жобасы** аясында педагог зерттеуші, педагог сарапшы мұғалімдер құрамынан шығармашылық топ құрылып, бес жылға жоспар жасалды. Осы жоспар аясында бірлескен шығармашылық топ қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш сыныптары бойынша математика, қазақ тілі пәндерінен қима жұмыстарын әзірледі. Желтоқсан айында 4, 5-8-сыныптар арасында қима жұмыстары алыну жоспарлануда.
  10. Мектебімізде мектепшілік «Зерде» жобасы жүзеге асырылуда. Мұнда «Ізденіс» шығармашылық тобы жұмыс жасайды. 2020-21 оқу жылында жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Қашықтықтан оқыту жағдайында іс шаралардың барлығы онлайн түрінде өткізілді. Қараша айында «Жаңалыққа бастаған жаңа бағдарлама» атты педагог қызметкерлерінің ғылыми-сараптамалық отырысы өтті. Осы ғылыми-практикалық конференцияға 8 мұғалім жұмыс ұсынды. 2019-20 жылы 6 мұғалім қатысқан. Қазан айында «Қашықтықтан оқыту жағдайында БЖБ, ТЖБ жұмыстарын жүргізудің тиімді жолдары» атты семинарды 2 мұғалім жүргізді. Сандық білім ресурстарын қолдану семинарын 2 мұғалім өткізді. «Сабақты жоспарлау ерекшеліктері: тігінен және көлденеңінен жоспарлау» тақырыбында Туғанбаева П.Б, Нұрділда А.А, Абдуалиева З.Н мектеп ұстаздарына оқу семинарын өткізді. Баспа беттеріне былтырғы 2019-20 жылы 2 мұғалім облыстық дидактикалық жинақтарға, 9 мұғалім өз жұмысын баспа беттеріне ұсынса, биылғы оқу жылында Қарағанды шеберлік орталығының жинағына 10 мақала ұсынылып, екі мұғалімнің баяндамасы екінші турға өтіп, облыс көлемінде ғылыми-практикалық конференцияда қорғалса, 8 мұғалімнің жұмысы жинаққа енгізіледі. 15 мұғалімнің жұмысы баспа беттеріне, сайттарға жарияланды. Биылғы жылы

мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шыңдалып, шығармашылық ізденіс динамикасының өсуі байқалды.

11. Мектепшілік «Жүз кітап» жобасы 2018 жылдан бері жұмыс жасайды. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Г.С. Айтқұлова жетекшілік етеді. «Шығарма оқыдым-сурет салдым» жобасы /4 сыныптар/ Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» шығармасы бойынша 4-сынып оқушылары түгелдей ат салысып, жұмыстарын қорғауға жалпы саны 9 оқушы қатысты. «Оқырман күнделігі» сайысы /5 сыныптар арасында/ Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» шығармасы бойынша жобаға 5 сынып оқушыларының барлық сынып оқушысы қатысып, ал жұмыстарын қорғауға 12 оқушы қатысты. Анимациялық мультфильм сайысы/6 сыныптар/Ы. Алтынсарин әңгімелері, А. Байтұрсынұлы мысалдарынан 3 оқушы жобаларын қорғады. Анимациялық жинақ жоба сайысы/7 сыныптар арасында/ Б. Момышұлы Өлендері мен канатты сөздері, мақал-мәтелдері 2 оқушы өз жобаларын қорғады. «Оқырман күнделігі» сайысы/8 сыныптар/З. Ахметова «Шуақты күндер» (Б. Момышұлы туралы естеліктер) сыныптың барлық оқушылары қатысып, қорғауға 6 оқушы, «Оқырман күнделігі» сайысы/9 сыныптар/З. Ахметова «Шуақты күндер»(Б. Момышұлы туралы естеліктер) сынып оқушылары түгел қатысып, қорғауға 8 оқушы қатысты. "Оқимыз, ойлаймыз, жазамыз!" "Саммари" кітап жобасы /10 сыныптар/ арасында қорғауға 3 оқушы қатысты. Қорыта келе жобаға қатысқан барлық сынып оқушыларын қоспағанда қорғауға жалпы барлық жоба бойынша 43 оқушы қатысты.

12. НЗМ тәжірибесін тарату бойынша да серіктес мектеппен бірлескен жұмыс жоспары құрылып, жоспарланған жұмыстар толық жүргізілді. Сабақты зерттеу бойынша мектебіміздің бастауыш сыныбы 2 Ә сыныбы мен орта буыннан 5 А сыныбында зерттеу жұмысы тыңдалым мен жазылым дағдысын зерттеу мақсатында жүргізіліп, оқушының уақытты тиімді пайдалану, тыңдалым дағдысына арналған әдіс-тәсілдерді саралау, А, В, С деңгейінің оқушыларына тапсырмаларды жеке дайындау сияқты ұсыныстар жасалды.

*Әдістемелік жұмыс жоспарына сай осындай жұмыстар жасалды, алайда жүзеге аспай қалған жұмыстар да бар. Педагог-зерттеушілердің «Даму үшін кәсіби шеберлік пен табысты ресурстарды пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбындағы семинары, информатика пәні мұғалімдерінің «Оқушыларды мұғалімнің қатысуынсыз портфолио, электронды оқулықтар т/б жасау жұмысына жұмылдыру» ізденіс жұмысы орындалмаған. Қашықтықтан оқыту барысында оқушыларда сабақ тапсырмасын толық орындауының қиындық тудыруы, оқушы жауапкершілігінің төмендігі себеп болды. Сондықтан бұл іс-шараны 2021-22 оқу жылының әдістемелік жоспарына қайта қосып өткізу жоспарлануда.*

Әрине, педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі жетілдіру мақсатындағы жұмыстар жалғасады. Әлі де болса педагогтардың өз бетінше дамуына төмендегідей жұмыстарды жандандыру мақсатында педагогтардың әлеуетін көтеру қажет.



Биылғы 2020-21 оқу жылында өткен жылдың «СВОТ» талдау қорытындысын ескере отырып, «Мектептің кадрлық әлеуетін дамыту» тақырыбында әдістемелік жұмыс жүргізілді. 2020-2021 оқу жылы бойынша 79 педагогтың-11% I-II, III деңгей бойынша курстан өтсе, 79% білім мазмұнын жаңарту, біліктілік көтеру курстардан өткен-53%, инклюзивтік білім беру курсы-36% құрайды; Жалпы мектеп бойынша әкімшілік мүшелері мен мұғалімдердің білім жетілдіру курсынан өту деңгейі қанағаттанарлық деуге болады. Дегенмен мұғалімдердің кәсіби байқауларға қатысуы, мұғалімдердің өзіндік бағдарламалары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға байланысты тапсырмалар жинағын дайындау, авторлық жобалармен жұмыс деңгейі әлі де болса дұрыс жүйеге қойылмағаны байқалды. 2017 жыл педагог мамандардың кәсіби, шеберлік байқауларға қатысу деңгейі 12% болса, 2020 жылы 38% дейін өскен, ал биылғы оқу жылында 50% көтерілгені анықталды. Педагогикалық байқауларға қатысу әсіресе соңғы үш жылдағы өсу динамикасы дегенмен жоғары.

*Туындаған мәселелер:*


- Педагог кадрлардың белгілі бір бөлігінің ғана, яғни 50% ізденіспен жұмыс істеуі;
- Білім сапасының төмендеуі;
- Мектепшілік бақылау жұмысына педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың жұмылдырылмауы;
- Ғылыми-практикалық жұмыспен айналысу деңгейінің төмендігі 70%;
- Авторлық бағдарламалардың облыстық, республикалық көлемде бекітірілуінің жеткіліксіздігі;

*Шешу жолдары:*

- Педагог кадрлармен жеке жұмыс жасау, мұғалімдерге кәсіби байқаулар мен конференцияларға қатысуға ұйытқы болу;
- Тьюторлық жұмыс пен қосымша сабақтардың сапасын арттыру;
- Мектепшілік бақылау жұмысына педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардан шығармашылық топ құрып, қатыстыру;
- Әр мұғалімнің 3 жылға өзіндік білім жетілдіру жоспарларын жасауы;
- Авторлық бағдарламалардың мектеп, облыс, республика көлемінде апробациядан өткізу, бекіттіру;
- Тәжірибе алмасу мақсатында «Педагогикалық үштік» жобасын енгізу;

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің №8 жалпы білім беретін мектебінде 2020-21 оқу жылында 24 оқу кабинеті, қыздар мен ер балаларға арналған шеберханалар, спорт зал т.б. кабинеттер бар. Мультимедиялық кабинет, информатика кабинеті, жаңа модификациялы химия, физика, биология кабинеттері жұмыс істейді. 2018 жылы IT кабинеті ашылды. Роботехника жабдықтары көбеюіне байланысты кабинет ашу қажеттілігі бар.

Оқушылардың 3 жылдық оқу үлгерімі бойынша өсу байқалады. Білім сапасын өсіру бойынша кешенді жоспар жасалып, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Облыстың жоғарғы оқу орны ҚарМУ мен қаламыздың колледжі БГТК студенттерінен құралған волонтерлар және пән мұғалімдері білім сапасын арттыруда жұмыстар жүргізді. 2018-2019 оқу жылында 50,5% , 2019-2020 оқу жылында 58%, 2020-201 оқу жылында білім сапасы 52,3% .



Бастауыш сыныптарда білім сапасы көтеріңкі болатыны байқалады. Себебі бастауыш буынның ата-аналары балаларын қадағалайды, орта буында балалар

өздігінен дайындалады, ата-аналардың қадағалауы төмендейді. Жоғары сыныпқа келгенде оқушылардың білім сапасы қайта көтерілу байқалады. Бұдан оқушылардың жоғары сыныпқа барғанда білім алуға деген жауапкершіліктің күшейетінін білеміз.

Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, пәндік білімін тереңдетіп дарынды балаларды анықтау мақсатында жыл сайын жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың I (мектепшілік) кезеңі өткізіледі.

2020-2021 оқу жылы бойынша –990дарынды бала анықталып,дарынды балаларды даралау 3 бағыт бойынша бөлінді.

- 1.Интеллектуалдық бағыт
- 2.Шығармашылық бағыт
- 3.Спорттық бағыт.

#### I.Интеллектуалдық бағыт:(пәндік олимпиада)

2020 жылдың қараша айында 5-11 оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік ,қалалық кезеңі онлайн түрінде өткізілді.

#### 1.Мектепшілік кезең:

Республикалық пәндік олимпиаданың I кезеңі (мектепшілік) өткізу үшін ұйымдастыру комиссия мүшелері және олимпиадаға алдын ала дайындық кестесі құрылды. Мектепшілік олимпиадаға 60 оқушы қатысты.

#### 2020-2021 оқу жылындағы пәндік олимпиаданың нәтижесі



#### 9-11 сынып бойынша пәндік олимпиаданың салыстырмалы кестесі

| Пәндік олимпиада | 2019-2020 | Орны | %   | 2020-2021 | Орын | %  |
|------------------|-----------|------|-----|-----------|------|----|
| Мектепшілік      | 110оқушы  | 49   | 49  | 60        | 55   | 91 |
| Қалалық          | 19оқушы   | 9    | 47  | 27        | 10   | 37 |
| Облыстық         | 2оқушы    | 2    | 100 | 3         | 1    | 33 |

Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша 27 оқушы қалалық олимпиадаға жолдама алды.

## 2. Қалалық кезең

Жаратылыстану бағыты бойынша-14 оқушы.

Гуманитарлық бағыт бойынша-11+өзін өзі тану пәнінен 2 оқушы қатысты.

| Пәндік олимпиада | 2019-2020 | Орны | %   | 2020-2021 | Орын | %  |
|------------------|-----------|------|-----|-----------|------|----|
| Мектепшілік      | 110 оқушы | 49   | 49  | 60        | 49   | 81 |
| Қалалық          | 19 оқушы  | 9    | 47  | 27        | 10   | 37 |
| Облыстық         | 2 оқушы   | 2    | 100 | 3         | 1    | 33 |

2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда төмендегідей:

**Мектепшілік олимпиада б/ша-110 оқушы қатысып, 55 оқушы орын алса**  
2020-2021 оқу жылында 60 оқушы орын алып 42 % осы байқалды.

**Қалалық олимпиада б/ша-2019-2020 оқу жылында 19 оқушы қатысып 9 жүлделі**  
орын 47%, құрады.

2020-2021 оқу жылында 27 оқушы қатысып 10 оқушы жүлделі орынға ие болды  
37% .

**Облыстық олимпиада бойынша-2019-2020 оқу жылында 2 оқушы**  
қатысып, 100% көрсетсе биылғы оқу жылында 3 оқушы қатысты.

Олар физика пәнінен: Таңатова Аяулым 10-сынып

Русланұлы Нұрбол-9 сынып оқушысы

Бельдимирова Аяжан информатика пәнінен қатысқан

болатын облыстық деңгейде 1 оқушы Таңатова Аяулым физика пәнінен

3- жүлделі орынға ие болды.

### 3.5-6-сынып бойынша пәндік олимпиадасы: Жалпы мектеп оқушыларының соңғы 3 жылдағы іс-шараларға қатысу нәтижелілігі (пәндік олимпиадалар)

| Іс-шара деңгейі | 2018-2019 оқу жылы |                  | 2019-2020 оқу жылы |                  | 2020-2021        |                  |
|-----------------|--------------------|------------------|--------------------|------------------|------------------|------------------|
|                 | Қатысушылар саны   | Жүлдегерлер саны | Қатысушылар саны   | Жүлдегерлер саны | Қатысушылар саны | Жүлдегерлер саны |
| Мектеп          | 74                 | 65               | 86                 | 31               | 60               | 49               |
| Қалалық         | 63                 | 30               | 19                 | 9                | 27               | 10               |
| Обл.            | 1                  | 1                | 2                  | 2                | 3                | 1                |

Өткен жылдармен салыстырғанда оқушылардың ғылыми жобалармен айналысу деңгейі өткен оқу жылдарымен салыстырғанда, Зерде 2-7 сыныптар, ЖЗШФА-ның 5-7 сыныптар және 8-11 сыныптар арасындағы жобалар сайысына сапалық көрсеткіші артты. Облыстық және республикалық деңгейде жоғары жүлдері орындарға ие болды.

Зияткерлік сайыстарға қатысудың жоғарлауы төменгі сынып оқушылардың қабілет бағытын дұрыс анықтау және ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жанданғанын байқауға болады. Оқушылардың дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы, жоғары жетістіктерге жетуімізге арқау болды. Облыстық деңгейге тек 1-орын алған оқушылар қатысты. Қалалық кезең бойынша 6 оқушының 5 оқушысы 2,3 жүлделі орынға ие болды - 70%

#### **Анықталған кемшіліктер:**

-Олимпиадаға дайындаудың әліде жүйеліліктің толық қалыптаспауы.

-Бастауыш сынып буындарымен жүйелі байланыстың болмауы, резерв дайындамау.

-Олимпиада тапсырмаларын орындауда мұғалімдерің қиындықтарға тап болуы

-Ғылыми жұмыс жазу және тақырыпты дұрыс таңдамау және жазған жұмысты дамытпау. (біржақтылық)

-Ғылыми жобалар нәтижесінде нақты өнімдер жасалып көрсетілмейді, тек теория түрінде дайындалады.

Жобалық тақырыптардың ғылымилығы мен өзектілігі толық ашылмай, практикалық жағы көрсетілмейді, өнімнің болмауы.

-Мұғалімдер тек стандартты меңгертуді мақсатқа алады, тек жалпылама түрде, дарыныды оқушылармен жекелей жұмыс жасамаудың салдарынан оқушының деңгейі қалыпты жағдайда қалып қоюы.

-Оқушылардың табиғи талабын дамыту үшін жағдай жасауда мұғалімдермен ата – аналар ынтымақтастығының орындалмауы.

#### **Шешу жолдары:**

-Дарынды балалармен жұмыс істеуге арналған бағдарламаларды жасау, жетілдіру;

-Дарынды оқушыларды олимпиадаларға, байқауларға, мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі білім сайыстарына қатыстыру;

Олимпиада резервтерін дайындау. әрпән бойынша олимпиада тапсырмаларын жинақтауға базақүру.

-Кеңейтілген, тереңдетілген тапсырмалар базасын дайындау, құру.

-Пәндерді таңдауда, практикумдарды, жеке кеңес беруді енгізу. және пәнапталықтарында үнемі олимпиадалар ұйымдастыру.

-Білім сапасын көтеруде мұғалімге, ата-

анаға, оқушыға талапты және бақылауды күшейту; ата-ана мен тығыз жұмыс жасау;

-Мұғалімдерді және қабілетті оқушыларды сайыстарға,

олимпиадаларға қатыстырып,

нәтижелі орыналу мақсатында вариативтік бөлім бойынша бағдарламалармен жұмыс жасау.

### Тәрбие жұмысына талдау


Жалпы білім беретін №8 орта мектебінің 2020 - 2021 оқу жылының басында тәрбие әдістемесіне бағытталып жоспарланғандай мектебімізде 1-4 кезекші сыныптарында офлайн, сыныптарда қашықтықтан тәрбие үрдісінің жұмыстары жоспарға сай өткізіліп отырды. Мектептің даму стратегиясы бойынша іс- шаралар жоспарланды. Жас сарбаз сыныптарының жұмыс жоспары бекітіліп, нәтижесінде оқушылардың патриоттық қабілеттері артқандары байқалады. Сонымен қатар «Өркен» дебат клубының қатысушыларын арттыру мақсатында қашықтықтан дайындық өткізу қорытындысында қатысушы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерінің артқанын, қалалық дебат сайысында жүлделі 3 - орынға ие болғанынан көреміз.

2020-2021 оқу жылында қашықтықтан әр-түрлі іс- шаралар мен әлеуметтік жобалар іске асып, сайыстардан жүлделі орындармен марапатталды.

Оқушылардың 2019-2020 оқу жылында байқаулар, акциялар мен жоба жұмыстарына қатысу пайызын сараптай келе нәтижесінде республикалық, халықаралық сайыстардың нәтижелерінің аздығы, дайындық жұмыстарының жеткіліксіздігі байқалған болатын. Осының негізінде оқушылардың республикалық, халықаралық сайыстар мен байқауларға т.б қатысуда дайындықтарын күшейту мақсатында жеке жоспарлар құрылып, нәтижесінде үйірме жетекшілері мен сынып жетекшілер жұмысына нақты талаптар қойылған соң бұл жұмыстар оқу жылының соңында нәтижелі болды, демек республикалық және халықаралық байқауларға оқушылар жұмысы тұрақты түрде ұсынылып, жоғары нәтижеге қол жеткіздік.

Жұмыс нәтижесін төмендегі диаграммадан көруге болады.

### Сайыстарға қатысудағы жетістіктер көрсеткіштері



Оқушылардың ата-аналарымен және оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі жоспарланып, жоспар бойынша оқушылардың тәртіптері қаралып отырды. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланды. Он-лайн оқыту кезінде уақытылы сабақ тапсырмаларын орындамаған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді, алдын-алу кеңесінде қаралды.

Қашықтықтан оқу барысында көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан 59 оқушы компьютер және ноутбукпен қамтамасыз етілді. Аз қамтылған 18 отбасыға жалпыға міндетті білім беру қорынан интернет желісі қосылды.

Мектеп бастамасымен қалалық «Мен оқимын, сен де оқы!» READING TIME жобасының ережесі бекітіліп, тұрақты жұмыс жасап келеді. Ережеге сәйкес жоба 28 қарашадан бастап, әр аптаның сенбі күні сағат 11.00-11.30-ға дейінгі аралықта қала мектептерінде ұйымдастырылып, ZOOM платформасы арқылы өткізіліп келеді.

28.11.20-10.12.04.21 аралығындағы «Мен оқимын, сен де оқы!» READING TIME жобасына қатысқан қала мектептерінің арасында 2-ші орында. Қатысушылар саны төмендегідей көрсеткішті көрсетеді.

|   | Мектеп атауы   | I<br>28.11.20-<br>26.12.20 | II<br>16.01.21-<br>06.02.21 | III<br>13.02.21-<br>20.03.21 | IV<br>03.04.21-<br>10.04.21 | Қорытынды оқырмандар саны | Орташа оқырман саны |
|---|----------------|----------------------------|-----------------------------|------------------------------|-----------------------------|---------------------------|---------------------|
| 1 | ЖББ №8 мектебі | 265                        | 717                         | 716                          | 487                         | 2185                      | 546,25              |


Қашықтықтан ұйымдастырылған шараға 10-11-сынып оқушылары қосымша сабақтарға қатысуларына байланысты қатысу мүмкіндігі төмен болды. Бұл шараның тиімділігі өте жоғары, себебі оқушылар оқу жылында бірнеше шығарманы оқып, нәтижесі түрлі байқаулар, жобалар арқылы қорытылды.

Жалпы білім беретін №8 орта мектебінің «Өнегелі өмір» жобасы аясында еңбек жолында жоғары нәтижеге ие болған тұлғалармен кездесуде мектеп оқушылары қашықтықтан кездесу өтті.

Бауыржан Момышұлының есімін алу мақсатында жеке жұмыс жоспары жасалынып, жұмыс жүргізілуде. Бұқаралық баспа беттеріне мектеп ата – аналары мен ұстаздары жазған мақалалар жарық көріп, 2-облыстық, 5- қалалық газеттерге шығарылды. Сынып жетекшілер сынып оқушыларымен ізденіс жұмыстарын жүргізіп, мектеп музейінде «Батырлыққа тағзым» тақырыбымен бұрыш ашылды. Алдағы уақытта Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орындарымен байланыс жұмыстары жүргізіліп, кездесулер жоспарлануда, оффлайн жұмысқа толық ауысқан кезде бұл жұмыстар толық қолға алынатын болады.

«Жас Ұлан » және «Жас қыран » және «Өзін- өзі басқару» ұйымының жұмысы «Ақниет» еріктілер тобымен біріге жұмыстар атқарды. Жоспар бойынша ай сайын «Zoom» –платформасы арқылы ұйым мүшелерімен жиналыс өтіп отырды. Қаламыздағы Оқушылар сарайының және Өнер мектебінің ұйымдастыруымен қашықтықтан өткен байқауларға ұйым мүшелері белсене қатысып, көптеген жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар салауатты өмір салтын сақтау және короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында «COVID.NET» «БЕТ ПЕРДЕ ТАҚ», «ӘДЕМІ ҚОРҒАНЫС» атты акциялар өтті. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Қамқор бола білейік!» атты акцияларға үнемі қатысып белсенділік танытып отырды.

Салыстырмалы түрдегі ата-аналардың іс шараға қатысу көрсеткіші



Өткен оқу жылымен салыстыру кезінде ата-аналардың спорттық жарыстарға қатысуында кему байқалады. Керісінше, тренингтер өткізу мен мәдени іс-шараларға қатысуында өсу бар, себебі, қашықтықтан ұйымдастырылғандықтан ата-аналармен жұмыс кезінде жұмыс түрлерін анықтау көбіне «Zoom» платформасы арқылы өткізуге қолайлысы таңдалынды.

Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата – аналардың педагогикалық – психологиялық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата – аналарға көмектесу – мектеп ұжымының міндеті.

Қашықтықтан білім алу кезінде көп балалы отбасы мен егде жастағы ата-аналарға психологиялық, әлеуметтік, әдістемелік көмектер өте қажет болды. Осындай отбасындағы ата-аналарға дер кезінде мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, ақпараттандыру іс жөніндегі орынбасары, әлеуметтік ұстаз, психолог, сынып жетекшілер тарапынан көмектер көрсетілді.

Мектебімізде 2017 жылдан бастап қамқоршылық кеңесі құрылды. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты мектептің оқу-тәрбие жұмысына ықпал ету, мектепте туындаған міндеттерді шешуге қатысу. Әлі де болса қамқоршылық кеңесі жұмысы дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Ата-аналардың әлі де болса қамқоршылық кеңесі мектептің оқу-тәрбие процесін коллегиялды түрде басқара отырып, оның әрі қарай дамуына ықпал етуші мектептің алқалық кеңесі екендігінің, оның маңыздылығын түсінбеуде.





Оқу жылының соңында мектепшілік есепте 6 оқушы, қалалық есепте 3 оқушы тұр. Есепте тұрған және бақылауда болған оқушылармен жұмыс жоспарға сай, яғни үйлеріне сынып жетекші, психолог және инспектормен бірге рейдке барылды, сабаққа қатысуымен тапсырмаларды уақытында жіберулері қадағаланды. Басқа қосымша ұйымдарға баруы нақтыланып, ата-аналарымен әңгемелер жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарын өткізу формаларының біржақтылығы (үнемі түрлендіріп, өзгертіп, жаңаша бағыт-бағдар ұстана алмауы); ата-аналардың педагогикалық, психологиялық біліктілік пен іскерліктерінің жеткіліксіздігі; қамқоршылық кеңесі жұмысының дұрыс жолға қойылмауы мектептің алқалық басқару жұмысын ұйымдастыруға кедергі болуда. Сондықтан, мектеп ұжымының міндеті - ата-аналар кеңесінің, қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары мен әдістерін түрлі жаңаша түрде ұйымдастыру. Мектепте жағымды тұстармен қатар ата-аналардың көмегімен шешілетін проблемалық мәселелер де бар. Кәмелетке толмаған оқушыларды тіркеу инспекциясының есебінде биылғы оқу жылында 3-оқушы тіркелген. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіш өсіп отыр. Мұндай жағдайды мектеп психологтары мен кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторына жүгініп, реттеуге тырысамыз. Сондықтан ата-аналар тарапынан байланыстың болуы үнемі қажеттілікті тудырады. Қорыта айтқанда, ата-аналар қоғамдастығымен ынтымақтастықта жұмыс атқара отырып, жоғарыда қозғалған мәселелерді шешіп, көзделген мақсатымызға жетеміз.

### **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Жас Сарбаз» сыныптары арқылы әскери-патриоттық тәрбие беру**

Жалпы білім беретін №8 орта мектебінің даму стратегияның бір бағыты бойынша «Мәңгілік ел» құндылықтар жүйесінің негізіндегі жаңа стандартты енгізуге бағытталған әскери-патриоттық шаралар іске асырылды. ҚР-ның үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасына сүйене отырып, тәрбиенің басты бағыттарының бастауы патриоттық шаралар жоспарланып өткізілді.

«Ұлан» әскери-патриоттық қозғалысы» жобасы бойынша жоспарланған шаралар пандемияға байланысты, әлеуметтік серіктестік орнатылған әскери оқу орындары мен әскери бөлімдермен қашықтықтан орындалып келеді. «Жас Сарбаз» сынып оқушыларына ант қабылдау рәсімі өткізіліп, қашықтықтан ерлік сабақтары өткізіліп отырды.

Аталған әскери бөліммен, атап айтсақ №53898 әскери бөлімімен қашықтықтан ерлік сабағы өткізілді. «Жас Сарбаз» сыныптарының арнайы бағдарламасын іске асыруда Жас сарбаздық тәрбие моделін жетілдіруде оң ықпалын тигізді. Биылғы оқу жылының басында 2 түлегіміз «Жас Ұлан» республикалық мектеп интернатының тәрбиеленушілерінің қатарына қосылды.

Оқу жылының I жартыжылдығында облыстық форум барысында «Болашақ-жастар қолында» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Жас Сарбаз» сыныбы бойынша мектеп әкімшілігі мен «Жас Сарбаз» сыныптарының жетекшілері жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Жас

сарбаздар» сыныбының белсенді оқыту техноглогиялары және қосымша білім беру практикасы» тақырыбы бойынша облыстық семинарға қатысты.


Соңғы екі жылда патриоттық бағыттағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша оқушылардың байқауларға, акциялар мен түрлі іс-шараларға қатысудағы өсуін төмендегі диаграммадан көруге болады.

### Соңғы екі жылдағы патриоттық бағыттағы тәрбие жұмысының көрсеткіштері

| Оқу жылдары | Құқық бұзушылық саны |         | Әскери-спорттық бағыттағы үйірмелерге қатысатын оқушылар саны |               | Еңбекпен қамтылуы/ қамтылмағаны (әскери оқу орнына түскен) |            | Мектептен тыс іс-шараларға қатысу нәтижесі |
|-------------|----------------------|---------|---|---------------|--|------------|--|
|             | Мектеп ішілік        | Қалалық | мектепшілік   | Мектептен тыс | 9 сыныпта  | 11 сыныпта |  |
| 2019-2020   | 2                    | 0       | 134   | 161           | 2  | 0          | 71   |
| 2020-2021   | 0                    | 0       | 92  | 21            |  |            | 32   |

Оқушылардың жоба жұмыстарына қатысу пайызын сараптай келе, оқушылардың жоба орындаудағы республикалық сайыстардың нәтижелерінің пандемия кезіндегі қашықтықтан ұйымдастырылатын шаралардың аз болуына байланысты төмендегені байқалады.

Патриоттық тәрбие беру бағытындағы шығармашылық сайыстар мен әлеуметтік жобалардың салыстырмалы түрде жетістіктер көрсеткіштері



Патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін арттыруда әлеуметтік серіктестіктің ролі ерекше. Серіктестіктің барлық жақтары ортақ қызметтің нәтижесі үшін толық жауапкершілікті көтереді.

Әлеуметтік серіктестік негізінде Жас сарбаздардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға тиімді іс-шаралар өткізіліп отырады. Әр жыл сайын, келісім-шарттар жаңартылып жаңа ортаның тәжірибелерін көріп үйренеміз. Бұл біздің мол тәжірибе жинақтауымызға ықпал етеді.

Биылғы оқу жылында Тараз қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №45гимназиямен қашықтықтан танысып, тәжірибелерімізбен бөлістік. Жуалы аылындағы Б.Момышұлы атындағы музеймен кездесу өткізіп, тың ақпараттармен алмастық. Әскери бөлімдермен ерлік сабақтары өткізіліп, патриоттық тәрбиені жетілдіруге ықпалын тигізуде.

Патриоттық шараларды өткізуге «Панфилов» атындағы қоғамдық қорының жетекшісі, Алматы қаласындағы әскери-тарихи музейінің жетекшісі мен “TF-Security” күзет агенттігі үнемі қолдау көрсетіп тұрады. №65731 әскери бөлімінің қызметкерлері 38 жас сарбаздарға кәсіптік бағдар беру мақсатында үгіт –насихат жұмыстарын жүргізді.

Жаһандану жағдайындағы қазақстандық қоғамға кіруге дайын, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда жасөспірімдер арасында азаматтық-патриоттық негіздерін қалыптастыру мақсатында, «Жас Сарбаз» сыныптарында қосымша сабақтар жүргізілді. Пандемияға байланысты биылғы оқу жылында қосымша сабақтар қашықтықтан ұйымдастырылып өткізілді. Қосымша сабақ беру жұмыс нәтижесі бақыланып отырды.

#### Ұсыныстар:

Мектептен тыс қызығушылықтарына байланысты шараларға тұрақты қатысуға, нәтижеге бағыттау.

Мектепте спорттық шараларды өткізу деңгейін көтеру.

Сынып жетекшілер арасында тәрбие мәселелері бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелерді айқындап, тәжірибемен бөлісу жұмыстарын ұйымдастыру.

Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмысты күшейту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.

### SWOT талдау

| Күшті жақтары   | Әлсіз жақтары   |
|---|---|
| <p>-Педагог кадрлардың 73%-ы жоғары білімді; жоғары санатты-7,5%, «педагог-зерттеуші-10%, бірінші санатты- 5%, педагог-сарапшы-27,8%, педагог-модератор-13,9%, жаңа форматтағы санат бойынша кадрлардың үлесі- 51,7%;</p> <p>-Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысу бойынша өсу динамикасының болуы;</p> <p>-Оқушылардың зияткерлік, шығармашылық байқауларға қатысуы бойынша өсу динамикасының болуы;</p> | <p>-Педагог кадрлардың белгілі бір бөлігінің ғана, яғни 50% ізденіспен жұмыс істеуі;</p> <p>-Білім сапасының төмендеуі;</p> <p>-Мектепшілік бақылау жұмысына педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың жұмылдырылмауы;</p> <p>-Ғылыми-практикалық жұмыспен айналысу деңгейінің төмендігі 70%;</p> <p>-Дарынды оқушыларды олимпиадаға дайындауда бастауыш сынып буындарымен жүйелі байланыстың болмауы, резервтің дайындалмауы;</p> |

|   |   |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Патриоттық тәрбие жүйелі, нәтижелі жүргізілуі;</li> <li>- Бәсекеге қабілетті заманауи оқу техникалық жабдықтармен қамтылуы;</li> <li>-СБР-ның қолжетімді болуы;</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>-Оқушыларды ғылыми-шығармашылық қабілетін дамытуда мұғалімдер мен ата-аналарынтымақтастығының орындалмауы.</li> <li>-Робототехника, STEM білім беру бағытына оқушыларды тарту деңгейінің аздығы;</li> </ul>  |
| <p><b>Мүмкіндіктер</b></p>  | <p><b>Қауіпті жақтары</b></p>   |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>-Мектепішілік бақылау жұмысына педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардан шығармашылық топ құрып, қатыстыру;</li> <li>-Авторлық бағдарламаларды мектеп, облыс, республика көлемінде апробациядан өткізу, бекітіру;</li> <li>-Тәжірибе алмасу мақсатында «Педагогикалық үштік» жобасын енгізу;</li> <li>-Білім сапасын көтеруде мұғалімге, ата-анаға, оқушыға талапты және бақылауды күшейту, ата-анамен тығыз жұмыс жасау;</li> <li>-Мұғалімдерді және қабілетті оқушыларды сайыстарға, олимпиадаларға қатыстырып, нәтижелі орын алу мақсатында вариативтік бөлім бойынша бағдарламалармен жұмыс жасау.</li> <li>-STEM, робототехника бағыттары бойынша тоқсан сайын мектепішілік байқауларды жүйелі ұйымдастыру, қатысатын оқушылар санын 2 – 3 есе арттыру;</li> <li>-Сынып жетекшілер арасында тәрбие мәселелері бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелерді айқындап, тәжірибемен бөлісу жұмыстарын ұйымдастыру</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>-Білікті жас мамандардың ірі қалаларға ауысуы;</li> <li>-Өздігінен білім көтеру жоспарына сай ізденбеуі;</li> <li>-Контингент кемуі, қабілетті оқушылардың инновациялық мектептерге ауысуы;</li> <li>-Әлеуметтік желілерде қауіпті ақпараттың көптігі, оны оқушылардың тиімсіз пайдалануы;</li> <li>-әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың көбеюі;</li> </ul> |

**2021-2022 оқу жылы сыныптардың орналасуы**  
**Қарағанды облысы білім басқармасының**  
**Балқаш қаласы білім бөлімінің «№8 ЖББМ» КММ**

01.09.2021

| I АУЫСЫМ         |          |                      |                      | II АУЫСЫМ        |          |                      |
|------------------|----------|----------------------|----------------------|------------------|----------|----------------------|
| Сынып жетекшісі  | Сыныбы   | Сыныптағы оқушы саны | Кабинет №, атауы     | Сынып жетекшісі  | Сыныбы   | Сыныптағы оқушы саны |
| <b>1 ҚАБАТ</b>   |          |                      |                      |                  |          |                      |
| Алгадаева П.Б.   | 0А       | 22                   |                      | Жанбосынова А.М. | 0Ө       | 22                   |
| <b>2 ҚАБАТ</b>   |          |                      |                      |                  |          |                      |
| Кузембаева М.С.  | 4Ө       | 20                   | №21<br>бастауыш      | Касен А.         | 2А       | 23                   |
| Ахасва А.С.      | 4Б       | 23                   | №22<br>бастауыш      | Нұрдіда А.А.     | 2Б       | 23                   |
| Кенжебай Ж.Ә.    | 1А       | 23                   | №23<br>бастауыш      | Рыскулова С.К.   | 3Ө       | 23                   |
| Алпысбаева А.С.  | 4В       | 23                   | №24<br>бастауыш      | Динахметова Г.А. | 2Ө       | 22                   |
| Бакирова А.А.    | 4А       | 23                   | №25<br>бастауыш      | Мусатаева Ж.Е.   | 2В       | 23                   |
| Карабаева Ф.М.   | 1Ө       | 23                   | №26<br>бастауыш      | Тлеуберлина Г.Б. | 3Б       | 23                   |
| Нурмаханова Д.К. | 1Б       | 23                   | №27<br>бастауыш      | Рысқұл Ә.Қ.      | 3А       | 23                   |
|                  |          |                      | №28<br>мультимедия   |                  |          |                      |
|                  |          |                      | №29<br>информатика   |                  |          |                      |
|                  | <b>7</b> | <b>158</b>           |                      |                  | <b>7</b> | <b>160</b>           |
| <b>3 ҚАБАТ</b>   |          |                      |                      |                  |          |                      |
| Бигазина Г.К.    | 11 Ө     | 16                   | №31<br>математика    | Шабленова М.Б.   | 5А       | 24                   |
| Жұмаш М.М.       | 8Б       | 21                   | №32<br>орыс тілі     | Ахмет А.Б.       | 5Б       | 23                   |
| Қыбырат С.       | 9В       | 17                   | №33<br>өзін өзі тану | Минуарова А.А.   | 3В       | 25                   |
| Айтқұлова Г.С.   | 10А      | 19                   | №34<br>қазақ тілі    | Ахметова А.О.    | 7Б       | 14                   |
| Скакова Л.А.     | 8В       | 18                   | №35<br>тарих         | Бакирова Г.М.    | 7В       | 24                   |
| Манаева А.К.     | 8А       | 19                   | №36<br>география     | Бакишева А.М.    | 6Б       | 17                   |
|                  |          |                      | №37<br>технология    |                  |          |                      |
| Бигельдина З.С.  | 9Б       | 24                   | №38<br>ағылшын тілі  | Рахметолла Ш.Е.  | 6В       | 16                   |
| Еримбетов Т.Е.   | 7Ө       | 16                   | №39<br>математика    | Аманжолова К.А.  | 5В       | 21                   |

| 4 ҚАБАТ                                 |           |            |                   |   |           |            |
|---|-----------|------------|-------------------|---|-----------|------------|
| Мустапаева Ж.Т.                         | 9А        | 22         | №41<br>химия      |   |           |            |
| Дәкәрім А.Р.                            | 8Ә        | 21         | №42<br>физика     | Ершаева Ж.                                  | 6А        | 22         |
| Жумабаева М.К.                          | 11А       | 16         | №43<br>қазақ тілі | Абдуалиева З.Н.                             | 7А        | 22         |
|   |           |            | №44<br>IT class   |   |           |            |
| Сатиев М.А.                             | 6Ә        | 24         | №45<br>АӘД        | Кошкинбаев А.Д                              | 5Ә        | 12         |
| Отарбаев А.А.                           | 9Ә        | 19         | №46<br>биология   |   |           |            |
|   | 13        | 252        |                   |   | 11        | 220        |
| <b>Ауысымдағы сынып,<br/>оқушы саны</b> | <b>20</b> | <b>410</b> |                   | <b>Ауысымдағы<br/>сынып, оқушы<br/>саны</b> | <b>18</b> | <b>380</b> |

Барлығы – 38 сынып  
Оқушы саны бүгінгі күнге дейін – 790  
Мектепалды даярлық сыныптарының бала саны-44

**2021-2022 оқу жылының 1-тоқсанының қоңырау кестесі**

| 1-ауысым           |            |               |          | 2-ауысым       |            |               |          |
|--------------------|------------|---------------|----------|----------------|------------|---------------|----------|
| Сыныптар           | Сабақ реті | Уақыты        | Үзіліс   | Сыныптар       | Сабақ реті | Уақыты        | Үзіліс   |
| 1-сыныптар         | 1          | 9.00 – 9.35   | 5 минут  | 2-сыныптар     | 1          | 13.30 – 14.15 | 5 минут  |
|                    | 2          | 9.40 – 10.15  | 15 минут |                | 2          | 14.20 – 15.05 | 10 минут |
|                    | 3          | 10.30 – 11.05 | 15 минут |                | 3          | 15.20 – 16.05 | 10 минут |
|                    | 4          | 11.20 – 11.55 |          |                | 4          | 16.10 – 16.55 | 10 минут |
|                    | 5          |               |          |                | 5          | 17.00 – 17.45 | 5 минут  |
|                    | 6          |               |          |                | 6          |               |          |
| 4-сынып            | 1          | 8.00 – 8.45   | 5 минут  | 3-сыныптар     | 1          | 14.00-14.45   | 5 минут  |
|                    | 2          | 8.50 – 9.35   | 10 минут |                | 2          | 14.50-15.35   | 10 минут |
|                    | 3          | 9.45 – 10.30  | 10 минут |                | 3          | 15.45-16.30   | 10 минут |
|                    | 4          | 10.40 – 11.25 | 10 минут |                | 4          | 16.40-17.25   | 10 минут |
|                    | 5          | 11.35 – 12.20 | 5 минут  |                | 5          | 17.35-18.20   | 5 минут  |
|                    | 6          | 12.25 – 13.10 |          |                | 6          | 18.25-19.10   |          |
| 6Ә,7Ә,8-сынып      | 1          | 8.00 – 8.45   | 5 минут  | 5-сыныптар     | 1          | 14.00-14.45   | 5 минут  |
|                    | 2          | 8.50 – 9.35   | 10 минут |                | 2          | 14.50-15.35   | 10 минут |
|                    | 3          | 9.45 – 10.30  | 10 минут |                | 3          | 15.45-16.30   | 10 минут |
|                    | 4          | 10.40 – 11.25 | 10 минут |                | 4          | 16.40-17.25   | 10 минут |
|                    | 5          | 11.35 – 12.20 | 5 минут  |                | 5          | 17.35-18.20   | 5 минут  |
|                    | 6          | 12.25 – 13.10 |          |                | 6          | 18.25-19.10   |          |
| 9,10,11 - сыныптар | 1          | 8.10 – 8.55   | 5 минут  | 6,7 - сыныптар | 1          | 14.00-14.45   | 5 минут  |
|                    | 2          | 9.00 – 9.45   | 10 минут |                | 2          | 14.50-15.35   | 10 минут |
|                    | 3          | 9.55 – 10.40  | 10 минут |                | 3          | 15.45-16.30   | 10 минут |
|                    | 4          | 10.50 – 11.35 | 10 минут |                | 4          | 16.40-17.25   | 10 минут |
|                    | 5          | 11.45 – 12.30 | 5 минут  |                | 5          | 17.35-18.20   | 5 минут  |
|                    | 6          | 12.35 – 13.20 |          |                | 6          | 18.25-19.10   |          |
|                    |            |               |          |                |            |               |          |

## Әдістемелік жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылы

**Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысының тақырыбы:**

«Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау».

**Мақсаты:**

«Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы кадрлық әлеуетін арттыру»

**Міндеттері:**

Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру  
 мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстарын жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бағытында жүргізіп, жаңа форматтағы тапсырмалар жинағын дайындауға көңіл қою;  
 күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесін арттыру  
 әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмысты енгізуді қолға алу  
 педагог-зерттеуші/ педагог-шебер санаттағы мұғалімдермен тәлімгерлік жұмысты сапалы ұйымдастыру арқылы жас маманның сәтті бейімделуіне ықпал ету  
 тәлімгерлік аясында бірлескен оқытуды ұйымдастыру және өткізу

**Күтілетін нәтижелер:**

Мұғалімдерде оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесі артады.  
 мұғалімдердің жаңа форматтағы тапсырмалар жинағы дайындалады  
 күнделікті тәжірибеде интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесі артады.  
 әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмыс жүргізіледі

| Мерзімі | Өткізілетін жұмыс мазмұны                                      | Мақсаты   | Жұмыс түрі                       | Жауапты | Орындалуы туралы |
|---------|--|---|----------------------------------|---------|------------------|
| Тамыз   | 2021-22 оқу жылына раланған жоспарларды қарау, бекітуге ұсыну. | Мектептің жұмыс жоспарына ғылыми-әдістемелік іс-шараларды енгізу. | Жоспарларды құру, қарау, талдау. | ҒӘКО    | Жоспар           |



|                    |   |   |  |  |                                  |
|--------------------|---|---|--|--|----------------------------------|
